

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1. - Б.214-217

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА СҰЛЫ ДАҚЫЛЫН ӨСІРУДЕ ІТ ЖҮЙЕЛЕРІН ҚОЛДАНУ ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Таңатаров Д.Е.

Сұлы–азық- ікжәнемалазығыүшінбағалыдақылболыптабылады.Астыққа, көк балауса мен пішенге, жалқы азыққа сұлы кеңінен қолданылады, әрі таза және біржылдық бұршақ дақылдарымен, жаздық сиыржоңышқа, далалық бұршақ, асбұршақ, егістік ноғатықпен аралас күйінде өте жақсы азықболады. 100кг көк балауса массасында орта есеппен 17 а.ө. және 2,2кг қорытылатын протеин, 100кг пішенде 48 а.ө. және 6,2кг қорытылатын протеин және 100кг сүрлемде 17 а.ө. мен 1,9кг қорытылатын протеин бар. Орта сападағы 1кг сұлы 1кг азықтық өлшемге тең, сабанда 0,2-0,3, пішендемеде 0,45-0,50 а.ө. бар. Сабаны жақсы ірі сабақты мал азығы. Соңғы жылдары 5-18ц-ге дейін өзгере отырып, орташа өнімі Қазақстанда 12,0ц/га болды[1].

Солтүстік Каролин университетіндегі дәрігер Ченглинг Санг түсіндіргендей сұлыдағы табылған биологиялық белсенді құрамды зерттеушілер жақсы білгенін ескерсек, олар жүректі қорғауда қосымша пайда беретіндігі түсінікті болды[2].

Сұлының құрамындағы крахмалы басқа дәнді дақылдардың крахмалынан ерекшеленеді және өзінің химиялық, физикалық және құрылымдық қасиеттерімен сипатталады. Оның құрамы сұлы сортына, түріне байланысты 36%-дан 59%-ға дейін өзгеріп отырады. Сұлы астығы темірдің органикалық қосылыстарына, кальций, фосфор, марганец, мыс, молибден және басқа да микроэлементтерге, дәрумендерге,әсіресе В дәруменіне бай келеді. Сұлыдан жасалған өнімдер В дәрумені мөлшері бойынша(4,5-8,0мг/кг) қарақұмық жармасынан және азықтық бұршақ дақылдарынан қалыспайды[3].

Британия және Нидерланд зерттеушілері клетчатканың мол мөлшері құрамында бар тағаммен, соның ішінде сұлымен диета ұстау колоректальды қатерлі ісіктің қаупінің төмендеуіне ықпал ететінін жариялаған болатын. Зерттеу бойынша адамның тамағындағы әр қосымша 10кг клетчатка қатерлі ісік қауіптілігін 10%-ға төмендетуге көмектесетінін айтқан [4].

Ауыл шаруашылығындағы ақпараттық желі сервис платформасы ауыл шаруашылық ресурстары туралы ақпараттарды қолдауға мүмкіндік беретін желілік платформа , ол ауыл шаруашылық ақпараттық ресурстары мен қызметтерін ортақ пайдалануды қамтамасыз етеді.. Ауыл


шаруашылығындағы ақпараттық технологиялар қазіргі заманғы ақпараттық ресурстарды интеграциялауға мүмкіндік береді [5].

Қазақстанның ауыл шаруашылық бағытындағы дамуын заманауи талаптар деңгейіне жеткізуге, белгілі техникалық шешімдерді халықаралық деңгейде сынақтан өткізуге және жергілікті жерлерге енгізуге негіз болып табылады.

Жаңа технологияларды енгізу шаруашылықтың экономикалық және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді, сондай-ақ еліміздің азық-түлікке тәуелсіздігін жақсартуға ықпал жасап, агроөлемнің басым бағыттарына айналады және ауылдың экономикалық мәдениеті мен экологиялық білімін көтереді.

Жахандық танымдық және геоақпараттық жүйелерді сұлы дақылдың өсіру барысында қолдану топырақ құнарлылығын қайта қалпына келтіру, сақтау мәселелерін шешуге мүмкіндік жасайды, бұл әсіресе Солтүстік Қазақстанның құрғақ аймағында маңызды, себебі мұнда құрғақшылықпен қатар топыраққа кері әсер ететін деградациялық үрдістер басым.

Қазақстанның ауылшаруашылық өндірісін дамытуға жаңа ІТ технологиялар айтарлықтай үлес қосады, нақты айтқанда негізгі ауылшаруашылық дақылдарынан өнімдер өндіру барысында, ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің жаңа заманауи технологиясын ендіруге және меңгеруге септігін тигізе отырып, жоғары және тұрақты өнім алуға септігін тигізеді, торпырақ құнарлылығын сақтайды және арттырады, машина – трактор агрегаттарының өнімділігі 10-15 пайызға жоғарылайды, биологиялық тыңайтқыштар мен өсімдікті қорғау құралдарына жұмсалатын шығым 20-25 пайызға үнемделеді, өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру тиімділігі 10-15 пайызға артады.



Өсімдік шаруашылығында өндірісті жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі тиімділігі жоғары, ресурсүнемдегіш технологияларды қолдану, ол өз кезегінде ағымдағы шығындарды азайтуға, қоршаған ортаға келетін экологиялық зиянды түсіруге мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибе ауыл шаруашылығында ІТ технологияны қолдану жоспарланбаған шығынды 20%-ға дейін қысқартатынын көрсетті, ал жақын уақытта цифрландырудың тиімділігі тек қана өсетін болады. Осындай жағдайларға қарай отырып ІТ технологияларды қолдану Қазақстанның экономикасында аграрлық сектордың алар орнын жоғарылататынын сеніммен айтуға болады.


Сондай жүйелердің бірі “ANT” информациялық жүйесі егіншіліктің адаптивті-ландшафты жүйесін жобалауға қолданылады. Бұл жүйеде

жоғарыда аталған мүмкіншіліктермен қатар АХЗ сервисінің нәтижелері бойынша элементтердің таралу картасын көруге болады. “ANT” информациялық жүйесінің негізгі элементі спутникті түсірілім арқылы объективті мониторинг жүргізу құрылымы болып табылады. “ANT” информациялық жүйесі объективті мониторинг мәліметтеріне сүйене отырып, ағымдағы өнімге баға беруге мүмкіндік береді.

Агрономның жұмыс үстелі ретінде егіншіліктің барлық жаңа технологиялары осы экранда болады. Себу жұмыстарының спутникті мониторингі, техникалардың мониторингі, орындалған операциялар есебі. Бұл жүйе шаруашылық агрономдары мен жетекшілеріне әлемнің кез-келген жерінен өндіріс жағдайы, орындалып жатқан операциялар, дәл уақытында нақты өнімнің дамуы жөнінде қажетті мәліметтерді алуына есептелген.

“ANT” информациялық жүйесінде объективті мониторинг жүйелері: метео, спутникті, техника трекингі қолданылады. Танаптағы қандай да бір мәселе туындап жатқан участкені уақытылы және нақты анықтау арқылы түсетін пайданы 1га-на 30-35% дейін арттыруға болады. NDVI және АХЗ индексі негізінде минералдық тыңайтқыштарды енгізуді реттеу танаптағы өнімді түзеуге көмектеседі. Технологиялық операцияларды орындау барысында техниканың қозғалу жылдамдығының мониторингі ауыл шаруашылық жұмыстарының сапасын бақылауға мүмкіндік береді. Ауыспалы егісті оңтайлы жоспарлау әрбір танап үшін егжей-тегжейлі технологиялық карталарды қалыптастыру жүргізіледі. Ауыл шаруашылық жұмыстарын орындау үшін күнтізбелік жоспарды құру, технологиялық операцияларды, қолданылатын машиналар мен қондырғылар мен жұмысшыларды ескере отырып, болатын шығындарды оңтайландыруға және танаптағы жұмыстардың барысын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл жүйе қажетті мөлшерде тұқым мен тыңайтқыштарды, өсімдікті қорғауға арналған өнімдерді, жанармайды есептейді.

Метеомәліметтер бөлімінде глобалды метео ресурстардан нақты метео мәліметтерді көруге мүмкіндік болады. Сонымен қатар шаруашылықтың барлық және нақты бір танабында ауа-райы жағдайларын болжауға мүмкіндік беретін локальды станция қосуға болады және ауа температурасы, ауа ылғалдылығы, қар тереңдігі, жауын-шашын, қысым, топырақтың әр түрлі тереңдіктегі температурасы мен ылғалдылығын білуге мүмкіншілік бар.



Ауыл шаруашылығын информациялық жүйелеу егіс танабының электронды кескіні болып табылады. Ол ауыспалы егістік бойынша, техникалық операциялар, жұмысшылар саны, қолданылып жатқан ауыл шаруашылық машиналары мен агрегаттары, спутниктік түсірілімдерді күнтізбелік жоспар бойынша бақылауға мүмкіндік жасайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Можаев Н.И., Серікпаев Н.А., Стыбаев Г.Ж. «Мал азығын өндіру практикумы»// -Астана, 2013ж.-121б.
2. Горпиченко Т. Качество овса продовольственного назначения.Хлебопродукты. 1998. № 6. С. 11-15.
3. А.Ромашко, И.Морхат Хозяйственные особенности овса.2003г.//jazzdorov.ru/blog/oves-poleznye-svoystva-ovsa/
4. Зибров С.Н. Использование голозерного овса в кормлении перепелов//Дисс.Краснодар.2012г.103с.//dissercat.com/content/ispolzovanie-golozernogo-ovsa-v-kormlenii-perepelov
5. Zhang, Y.A.,Liu, Z.B,Lin L.B. Research on agricultural information service platform based on information technology//2012 International Conference on Computer Science and Electronics Engineering, ICCSEE 2012Volume 3, Pages 472-476

Ғылыми жетекші: Амантаев Б.О., а.ш.ғ.к.,аға оқытушы